

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ



РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ
ПО АЛМАТИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

20 18 жылғы "06" сәуір.

" " 20__ года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Талдықорған қаласы

№2 дана

Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Алматы облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (ары қарай мекеме). Мекеме Алматы облысы Әділет департаменті Талдықорған қаласының Әділет басқармасында 2015 жылдың 03 ақпанында заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен, меншік нысаны мемлекеттік болып табылады. Есеп айырысу операциялары Алматы облысы бойынша қазынашылық департаменті Талдықорған қалалық басқармасы арқылы жүргізіледі. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ93070102KSN0901000, бизнес сәйкестендіру номері: 1502400002667.

Мемлекеттік аудиттің типі (тексерудің түрі): Сәйкестік аудиті.

Мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қ.Исаевтың 2018 жылдың 28 наурызындағы № 02-16/10.1-103-Т тапсырмасы.

Мемлекеттік аудитті: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бөлім басшысы-мемлекеттік аудиторы Жүнісбеков Арман Мұратбекұлы жүргізді.

Мемлекеттік аудиттің мақсаты: жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2017 жылдың қантарынан 2017 жылдың желтоқсанын қоса алғанда.

Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: 2018 жылдың 02 сәуірінен 06 сәуір аралығы.

РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ
СӘУЛЕТ-ҚҰРҒЫЛЫС БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
(ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ӨТІНІШТЕРІ)
ЮРИС № <u>1220</u>
20 <u>18</u> - <u>06-04</u>
Беттен түзуді

Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:

Аудиторлық іс-шара мекеменің басшысы Абдыбеков Данияр Темирбековичтың рұқсатымен, мекеменің бас маманы Жумукбаева Карлыгаш Төлеуовнаның қатысуымен жүзеге асырылды. Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында құжаттарға бірінші қол қою құқығына мекеме басшысы Абдыбеков Данияр Темирбекович, екінші қол қою құқығына мекеменің бас маманы Жумукбаева Карлыгаш Төлеуовна ие болған.

Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:

Алматы облысы әкімінің аппараты ішкі аудит қызметінің бас маман-мемлекеттік аудиторы М.Темірбаева 2015 қантарынан 2016 жылдың желтоқсанын қоса алған кезеңді қамтып бақылау жүргізген. Мемлекеттік аудитпен кемшіліктер анықталмаған (20.10.2017 ж. Аудиторлық есеп).

Жүргізіліп отырған мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер: Аудиторлық іс-шара жүргізу барысында аудит объектісінің лауазымды тұлғалары ұсынған құжаттарына ішінара аудит жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында мемлекеттік мекемеге бекітілген аудит бағдарламасына сәйкес төмендегі бюджеттік бағдарламалар қамтылды.

2017 жылдың қантар – желтоқсан айлары:

724001 «Облыс аумағында мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі» - 63343,3 мың теңге.

724003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» - 5666,9 мың теңге.

(2018 жылғы 06 сәуіріндегі аудиторлық есепке қосымшасы қоса тіркелді).

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі.

1.Бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау. Мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі.

Мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 ж. №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидалары», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.11.1998 жылғы №1118 «Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы» қаулысы талаптары басшылыққа алынып, бюджеттік

сыныптама кодтарына және экономикалық классификатор ерекшеліктеріне сай қажеттілік есептері жасалған .

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында мемлекеттік мекемеде:

2017 жылға арналған Бюджет жобасына бюджеттік өтінім бойынша қаражат қажеттілігі 70 553,0 мың теңгені құрады, жыл соңына қаржыландыру жоспарының түзетілген (нақтыланған) соммасы 70 552,2 мың теңге болып бекітілді.

Мекемеде қаржыландырудың жеке жоспарына негізсіз өзгерістер, енгізулер жасалмаған.

Бағдарлама мәселесі «Бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау. Мемлекеттік мекемелерде қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығы.

Мекеменің бюджеттік өтінімдердің жасалуы, тапсыру тәртібінің сақталуы 04.12.2008 ж. №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық қызмет көрсету Ережесі» талаптарына негізделген. Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу ережесі» негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген. Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының № 4-20 Нысанына «Шығындардың жиынтық есебі» сәйкес келеді. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттарды қазынашылық органының №5-15 Нысан «Мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша күнделікті көшірмесі» құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталған жоқ. Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау және жоспардан артық тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған. Қассалық операциялар жүргізілмеген.



724003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 5 666,9 мың теңгеге келісім шарттар жасалып төменгі тауарлар алынған:

«КазКомпСервис» ЖК-мен 2017 жылдың 03 қарашасында №34 келісім шарт жасалып 989,0 мың теңгеге лазерлік принтерлер алынған,

«Бектурганов Санат Оралбаевич» ЖК-мен 2017 жылдың 22 қарашасында №42 келісім шарт жасалып 15,0 мың теңгеге бейнекамера алынған,

«IT-Alliance» ЖШС-мен 2017 жылдың 27 қарашасында №45 келісім шарт жасалып 359,5 мың теңгеге үзіліссіз тоқ беретін құрал алынған,

«Аягузов Канат Милатович» ЖК-мен 2017 жылдың 21 желтоқсанында №49 келісім шарт жасалып 226,5 мың теңгеге цифрлік камера алынған,

«Бектурганов Санат Оралбаевич» ЖК-мен 2017 жылдың 21 желтоқсанында №50 келісім шарт жасалып 203,7 мың теңгеге проектор алынған,

«КазКомпСервис» ЖК-мен 2017 жылдың 03 қарашасында №35 келісім шарт жасалып 3 588,2 мың теңгеге ноутбуктер және компьютерлер алынған,

«Аягузов Канат Милатович» ЖК-мен 2017 жылдың 15 маусымында №26 келісім шарт жасалып 135,0 мың теңгеге телевизор алынған,

«Аягузов Канат Милатович» ЖК-мен 2017 жылдың 20 қарашасында №41 келісім шарт жасалып 150,0 мың теңгеге компьютерлік бағдарлама (компьютерное обеспечение) алынған.

Жоғарыда аталған бағдарлама бойынша жыл соңына үнемделмей қалған қаражаттың соммасы 1 542,0 мың теңге, бұл қалдық мердігерлердің келісім шарттар бойынша өз міндеттемелерін уақытында атқармаған себептен қаржылары аударылмағаннан, атап айтқанда:

«DAMU» ЖК-мен 792,0 мың теңгеге жиһаз алуға жасалған 2017 жылдың 01 қарашасында №33 келісім шарт бойынша және «Ақжібек» ЖК-мен 750,0 мың теңгеге компьютер алуға жасалған 2017 жылдың 23 қарашасында №46 келісім шарт бойынша.

Бұл мердегілер бойынша жолсықсыз қатысушы деп тану жұмыстары жүргізілген.

Бағдарлама мәселесі «Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығы» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

3.Мемлекеттік мекемелердің еңбекақыларын реттеу, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы.

Қызметкерлердің лауазымдық жалақылары мамандығы бойынша комиссия анықтаған жұмыс өтіліне, жұмыскер атқаратын лауазымды қызметтің категориясына, квалификациялық разрядтарға сәйкес анықталған коэффициенттер мен Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген базалық лауазымдық жалақылары негізінде анықталған. Қызметкерлерге еңбекақы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары

қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 Жарлығына (толықтыруларымен, өзгерістерімен), Қазақстан Республикасының Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 «Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарында қаралған қаржының үнемделуінен сыйақы, материалдық көмек көрсету және қосымша ақы төлеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес төленген.

Қызметкерлерге еңбекақы төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қаулылары басшылыққа алынған.

Мекемеде қызметкерлердің еңбек өтілін есептеу комиссиясы құрылып, еңбек өтілі анықталған. Аудиторлық іс-шарамен қызметкерлердің жеке іс құжаттары, жұмысқа қабылданғаны туралы, босатылғаны, еңбек демалысын алуы туралы бұйрықтар, жұмыс уақытын пайдалану табелі және т.б. құжаттары тексеріліп, еңбек өтілі анықталып бақыланды. Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға байланысты жәрдемақыларды төлеуде орташа жалақы есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.12.2007 жылғы №1394 «Орташа жалақы есептеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 30.11.2015 жылғы №908 «Орташа жалақы есептеудің бірыңғай қағидалары» бұйрығына сәйкес есептелген.

Мекеменің 2017 жылғы штаттық кестелері бойынша мемлекеттік қызметкерлер 21 бірліктен тұрады, айлық еңбек ақы қоры 2 514,3 мың теңге болып мекеме басшысымен бекітілген.

2017 жылғы техникалық қызметкерлері 4 бірлік, айлық еңбек ақы қоры 168,9 мың теңге болып тарифтік тізімі мекеме басшысымен бекітілген.

Бағдарлама мәселесі «Мемлекеттік мекемелердің еңбекақыларын реттеу, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

4. Іс сапарға қаражаттарды пайдаланудың негізділігі.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында мемлекеттік мекемеде іс-сапар шығындарын өтеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы аумағында іссапар ережесін бекіту туралы» 2000 жылдың 22 қыркүйегіндегі №1428 қаулысы және оған кейінгі енгізілген толықтырулар мен өзгертулері талаптарына сай, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесіне сәйкес іс-сапар шығындарын жеке карт шоттарына аудару арқылы жүргізілген.

2017 жылдың қаңтар – желтоқсан айларында

001161 ерекшелігі бойынша іс сапар шығындарына 3 214,3 мың теңге жұмсалған

Бағдарлама мәселесі «Іс сапарға қаражаттарды пайдаланудың негізділігі» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

5. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдалануы.

Коммуналдық қызметтерге бөлінген қаражат алынған келісім-шарт міндеттемелері негізінде белгіленген бағалар мен тарифтерді қолданып жұмсалған. Коммуналдық төлемдерді өтеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 қарашадағы №1118 қаулысымен бекітілген «Бюджеттен қаржыланатын мекемелерде электр энергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер көлемін бекіту туралы» қаулысы басшылыққа алынған. Мекемеде телефон қызметіне және интернет жүйесіне төлемдер «Қазақтелеком» АҚ-ның филиалына, электр қуатына «Алматыэнергосбыт» ЖШС-не және «Жетісу Энерготрейд» ЖШС-не, жылыту «Алматинские тепловые сети» ЖШС-не және «Талдыкоргантеплосервис» МКК-на, суық су «Жетісу водоканал» МКК-на, канализация «Алматы Су» МКК-на келісім шарттар негізінде берілген төлем шоты құжаттарына сәйкес төленген.

Тексерумен қамтылған кезеңде мемлекеттік мекемеде:

2017 жылдың қантар – желтоқсан айларында

001151 ерекшелігі бойынша электр қуатына 975,0 мың теңге, суық суға 203,4 мың теңге, канализацияға 5,2 мың теңге және жылуға 899,6 мың теңге жұмсалған

001152 ерекшелігі бойынша телефон қызметіне 318,8 мың теңге, интернет жүйесіне 624,9 мың теңге және пошта қызметіне 195,0 мың теңге жұмсалған.

Бағдарлама мәселесі «Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдалануы» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

6. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 Қаулысына сай мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаңдар нормалары сақталған. Мекеменің теңгерімінде қызметтік автокөлік жоқ.

Бағдарлама мәселесі «Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы мен дұрыстығы.

Бухгалтерлік есеп жүргізу мекемеде жалпы 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексі, «Есеп саясатын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесіне сәйкес жасалған; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, «1-С Бюджет» ақпараттық бағдарламасында қанағаттандырылғы есеп жүргізілген. Тоқсандық, жылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Төлемдер жасалған келісім-шарттардың шот-фактуралары және қабылдау актілері негізінде жасалған. Бухгалтерлік есептің мемориалдық ордерлары дұрыс толтырылып жүргізілген.

Бағдарлама мәселесі «Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы мен дұрыстығы» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

8. Аудит барысында туындаған өзге де сұрақтар. Аудит барысында өзге сұрақтар туындаған жоқ.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында мемлекеттік мекемеде шығыстар қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес жұмсалған.


Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері болған жоқ.

Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: шаралар қабылданған жоқ.

Қосымшалар:

- 1) аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі (4 бет);
- 2) аудит объектісінің құрылтай құжаттары (21 бет);
- 3) №1 кесте. Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат (2 бет);
- 4) басқа құжаттар (5 бет).

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Бөлім басшысы—мемлекеттік аудитор  А.Жүнісбеков

Аудиторлық есеп екі данада жасалды: аудиторлық есептің №1 данасы №005459 бланкте «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне, №2-ші данасы №005460 «Алматы облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне.